

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Қазақстан Теңіз Университеті

Тақырыбы: Ескерткіштер тарихы және
мәдениет өлкетану қызметінің объектісі

Пәні: Өлкетану

Орындаған: Асан Ботагөз ПӘ-17-1
Тексерген: Аға оқ. Джонова Зита

Шопан ата қорымындағы қабір
белгісі - сандықтастардың бірі.
Маңғыстау облысы, 1 тамыз 2014 ж.



**МАҢҒЫСТАУ ЖЕРІ — ТАРИХЫ АСА БАЙ,
ҚҰПИЯСЫ ТОЛЫҚ АШЫЛМАҒАН, БАР
МҰРАСЫ ЗЕРТТЕЛІП БОЛМАҒАН КИЕЛІ ДЕ
ҚАСИЕТТІ ӨЛКЕ. ЕЛІМІЗДЕГІ АСПАН
АСТЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ КЕМ ДЕГЕНДЕ
ЖАРТЫСЫНАН КӨБІ ОСЫ МАҢҒЫСТАУДА.
БАСҚА ӨҢІРЛЕРДЕ КӨП КЕЗДЕСПЕЙТІН
ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІНІҢ САНЫ
МАҢҒЫСТАУДА ҒАНА 20-ДАН АСАДЫ.
СОЛАРДЫҢ БІРІ ДЕ БІРЕГЕЙІ ШОПАН АТА
МЕН БЕКЕТ АТА КЕСЕНЕСІ ДІНИ, ӘРІ
МӘДЕНИ ОРЫНДАРДЫҢ БІРІ.**

Бекет ата - ескерткіш ғимараттары - Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. Бекет Ата Мырзағұлұлы (1750- 1813) - әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбекеуігіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.



- Бекет Атаның төрт мешіті бар. Оның бірі маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда» дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі - Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Құлсары қаласына жақын жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі - Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап, үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның Оғыландыдағы жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндегі үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіреберіс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген.

- Бекет Атаның төрт мешіті бар. Оның бірі маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда» дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі - Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Құлсары қаласына жақын жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі - Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап, үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның Оғыландыдағы жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндей үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіреберіс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген.



- Бекет ата жер асты мешітіне Үстірт жотасынан барар жол. Маңғыстау облысы, 1 тамыз 2014 жыл

Аңыз бойынша Ақтау қаласынан 200 шақырымнан астам жерде Сенек кенті аумағында орналасқан бұл мешіт Қожа Ахмет Иасауи әулиенің шәкірті сопы Шопан-ата салған. Аңызда Шопан-ата мұнда тәлімгерлерінің асатаяғын тауып алып, сол жерде он бір жер асты камералардан тұратын мешіт тұрғызу шешіміне келді. Аңызда одан әрі баяндалады: жерге шаншылған асатаяқтан ағаш өсіп, ол осы күнге дейін өсіп келеді, оның жасағанына 800 жыл болды. Аңыз-әңгімеге нансақ, ағашты үш рет айналсаң, барлық аурулардан құтыласың екен. Шопан-Ата мешіті көп ғасырлар ішінде абажадай некропольмен қоршалған және үш мыңнан астам қорғандар бар.



▣ Шопан ата жер асты мешіті



□ Бекет Атаға баратын жол Шопан Ата арқылы өтеді. Ата рухына тағзым ету мақсатында жолға шыққан әрбір мұсылман алдымен Шопан-Атаға келіп тоқтайды. Шопан Ата БекетАтаның ұстазы. Ол өмірінің соңына дейін өз ұстазының алдында бас иіп өткен. Бекет Ата өзіне ақыл-кеңес, ем іздеп келушілердің алдымен Шопан Атаға соғып келгеніне әрдайым қуанатын. Қазіргі уақытта да Бекет Атаға бет алған зиярат етушілер Шопан Атаны сырт айналып өтпейді. Шопан Ата басына келген халық бірінші кезекте оның күйеу баласының басына тоқтап, құран бағыштайды. Бұдан соң Шопан Ата жерасты мешітіне жетесіз. Ол Маңғышлақтан Хорезмге дейінгі ескі керуен жолының бойында орналасқан. Жерасты мешітінің жанында Шопан Атаның туыстары жерленген. Күніне бұл жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған адам зиярат ету мақсатында келеді. Шопан Ата мешітіне кіргеннен соң құран бағышталады. Бұдан кейін мешіттің ішінде орналасқан бөлмелерде ер азаматтар бөлек, әйелдер бөлек намаз оқиды.

Мешіттен шыққан халық зияраттың дәл ортасында өсіп тұрған жалғыз ағаш саясында орналасқан құдыққа қарай бет алады. Ел аузында оның суы бойыңыздағы дертке шипа болып, жігерлендіре түседі деген сөз бар.

Қазақстан Республикасы
БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛУЛЫ
жер асты мешітін салған
АКМЕШТ ҚАУЫМЫ
XVIII ғ.

ескертуші мемлекет қорғауында

Республика Қазақстан
НЕКРОПОЛЬ АКМЕЧЕТЬ
где
БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛУЛЫ
построил подземную мечеть
XVIII в.
памятник охраняется государством



Көбен жерасты мешіті, Ескерткіш Жармыш ауылының оңтүстік - шығысында 12 шақырым жерде Сауысқан құмының оңтүстігіне таман орналасқан. Мешіт осы аттас қауымға жақын жерде. Қауым 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басына жатады. Жерасты мешіті борлы әктастан ойылып жасалған. Төртбұрышты формалы болып келетін екі бөлмеден тұрады. Дәліз өңделген тастардан өріліп күмбез тәріздес жасалған. Қазіргі уақытта күмбез құлаған. Бөлменің ішкі жағынан күмбездің қолдан өрілгенін байқаймыз. Тастар жақсы өңделіп, бір-біріне әдемі қиюластырылған. Уй қабырғаларында оны жасау кезінде пайдаланған құрал-саймандардың іздері айқын сақталған.


Орталық бөлме төртбұрышты етіп жасалған. Оның кірер жағында төбеге тіреуге арналған шығыңқы өрнексіз бедер жасалған. Құмтастан жасалған екі шырағдан орны сақталған. Осы бөлменің төбесінде сызбада дөңгелек тәріздес болып келген тесік арқылы ішке жарық түседі, ол ішкі жағынан өңделген тастармен қаланған. Бөлменің шығыс беттегі жарында арабша жазылған жазулар кездеседі.

Орталық бөлме төртбұрышты етіп жасалған. Оның кірер жағында төбеге тіреуге арналған шығыңқы өрнексіз бедер жасалған. Құмтастан жасалған екі шырағдан орны сақталған. Осы бөлменің төбесінде сызбада дөңгелек тәріздес болып келген тесік арқылы ішке жарық түседі, ол ішкі жағынан өңделген тастармен қаланған. Бөлменің шығыс беттегі жарында арабша жазылған жазулар кездеседі.



Қараман ата жерасты мешіті – Шетпеден 35 км жерде, Бекі елді мекенінің батыс жағында орналасқан. Мешіт тау шатқалының төменгі қабатынан ойып жасалған, негізінен 3 бөлмеден тұрады. Жалпы көлемі 4 га жерді қамтиды. Бөлмелердің ең биігі 2,5 метрге жуық. Үлкен бөлменің төбесі тастан құралған бағандармен бекітілген. Екі бөлменің төбелерінен жарық түсетін дөңгелек терезелер ойылған. Ел аузындағы аңыздар бойынша, Қараман ата Шопан атаның немересі, батыр, дін уағыздаушы. Жергілікті халық көршілес елдің арасындағы даулы жағдайды шешу үшін Қараман атаның аруағына сүйеніп, анттасады екен, сонда істің ақ-қарасы бұлжытпай шешіледі деп сенген. Қазақтар атаның қасиеттеріне сыйынып, оның жерленген осы мешітіне келіп, өздерінің іс-әрекеттеріне ант берген. Көп жағдайда Қараман атаның атымен ант беріп, оны орындамаған адамдар қауіп-қатерге, өлімге ұшырап олардың тұқымдарына кесірі тиген. Қараман ата кешені 1982 ж. Республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға қабылданған тарихи-мәдени ескерткіш. Қазақстанның жер-жерінен зияратшылардың келетін киелі орны.





Темір Абдал жерасты мешіті, ескерткіш әйгілі Шерқала тауының батыс жағында. Шетпе кентінен 18 шақырым оңтүстік-батыста орналасқан. Ескерткіш Шерқала қауымынан онша қашық емес. Қауымда өңделмеген тастармен қоршалған ескерткіштер бар, шығыс бөлігінде композициялық қойтастар мен сағанатамдар қойылған. Қауым XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына жатады. Жерасты мешіті күмды-сазды қабаттан ойылған. Бастапқыда екі бөлмеден тұрған. Қазіргі уақытта оның біріншісі құлаған. Сакталған екінші бөлме төртбұрышты сияқты қылып үнгіп жасалған. Оның ішіне жарық түсіретін төбедегі ойық көрінбейді. Мешітті салдырған немесе кейін онда діни жұмыстар жасаған

